


Ninebot KickScooter

Пайдаланушының нұсқаулығы



ninebot®

Түпнұсқалық нұсқаулықтардың аудармасы



4809957

Мазмұны


1 Жүру кезінде қауіпсіздік.....	2
2 Жиынтықтамасы	4
3 Сұлбасы.....	5
4 Сіздің KickScooter құрастыру	6
5 Екінші аккумуляторды орнату (Қосымша)	7
6 Бірінші сапар	8
7 Зарядтау	9
8 Мініп жүруге үйрету.....	9
9 Ескертулер	11
10 Жинау және алып жүру	15
11 Техникалық қызмет көрсету.....	16
12 Техникалық сипаттамалар	17
13 Сертификаттар.....	20
14 Тауар белгісі және құқықтық мәлімдеме	21
15 Байланыстар	22

Е сериясындағы Ninebot KickScooter таңдағаныңыз үшін рақмет!

Ninebot KickScooter таңдағаныңыз үшін рақмет! (мұнда бұдан әрі «KickScooter».)

Сіздің KickScooter-іңіз бұл сәнді көлік құралы, ол Сізге басқа райдерлермен қатынасу мүмкіндігін беретін мобильді қолданбаны қолданады.

Сапармен рақаттаныңыз және бүкіл әлемдегі райдерлерге қосылыңыз!



ЕСКЕРТУ!

Шұғыл тоқтау үшін электрлік және аяқ - екі тежегішті де пайдаланыңыз. Кері жағдайда максималды тежеу мүмкіндігі болмау нәтижесінде құлау және/немесе соғысу тәуекелі жоғары болады.

* Сурет анықтама үшін ғана берілген. Толығырақ ақпарат алу үшін нақты өнімге жүгінуді өтінеміз.

1 Жүру кезінде қауіпсіздік

1. KickScooter жүру көлігі болып табылады. KickScooter-мен жүру дағдыларын үйрену үшін Сізге тәжірибе мен машықтану керек. Ninebot Inc. компаниясы (сондай-ақ Ninebot-тың еншілес кәсіпорындары мен филиалы (Beijing; Tech Co., Ltd.), немесе Segway Inc. компаниясы пайдаланушының тәжірибесіздігі немесе осы нұсқаулықта келтірілген нұсқауларды бұзу нәтижесінде алған жарақаттар мен залал үшін жауапкершілікті көтермейді.
2. Осы нұсқаулықта келтірілген барлық ұсынымдар мен ескертулерді орындау арқылы құлау немесе басқа ақаулықтардың төуекелін азайта алатыныңызды ескертіңіз, бірақ барлық төуекел жағдайларынан Сіз құтыла алмайсыз. KickScooter-ге мініп жүрген сайын Сіз бақылауды жоғалтып, соғысу немесе құлау себебінен жарақат алу төуекелінің бар болғанын ұмытпаңыз. Қоғамдық жерлерге кірген кезде әрқашанда жергілікті заңдар мен ережелерді орындаңыз. Басқа көлік түрлерінің жағдайларында болғанындай, жоғары жылдамдық ұзақ күйді талап етеді. Ілінісу төмен жерлерде кенеттен тежеу доңғалақтың сырғанауына немесе құлауға әкеп соқтыруы мүмкін. Сақ болыңыз және жүрген кезде сіз және басқа адамдар немесе көлік құралдары арасында әрқашан қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз. Абай болыңыз және бейтаныс жерлерге кірген кезде жылдамдықты азайтыңыз.
3. Жүрген кезде әрқашан дулыға киіңіз. Рұқсат етілген, иекке арналған белдікшесі бар велосипед немесе скейтборд үшін дұрыс келтірілген, бастың артқы жағының қорғанысын қамтамасыз ететін дулығаны пайдаланыңыз.
4. Өзіңіздің бірінші сапарыңызды балалармен, жаяу жүргіншілермен, үй жануарларымен, көлік құралдарымен, велосипедтермен соғысу мүмкіндігі бар немесе басқа да кедергілері мен әлеуетті қауіптіліктері бар аумақтарда жасамаңыз.
5. Оларға әрқашан жүру құқығын беріп, жаяу жүргіншілерді құрметтеңіз. Мүмкіндігі болғанда, оларды сол жағынан айналып өтіңіз. Жаяу жүргінші жақындаған кезде оң жағынан болыңыз, жылдамдықты азайтыңыз. Жаяу жүргіншілерді қорқытпаңыз. Жаяу жүргіншілерге артынан жақындағанда өзіңіз туралы білдіріңіз және өз жылдамдығыңызды жүру жылдамдығына дейін азайтыңыз. Жағдайға сәйкес жүру қозғалысының жергілікті заңдары мен нормаларын орындаңыз.
6. Заңнамасы болмаған жерлерде осы нұсқаулықта сипатталған қауіпсіздік ережелерін орындаңыз. Ninebot Inc. компаниясы немесе Segway Inc. компаниясы қауіпсіздік нұсқауларды бұзу нәтижесінде туындаған қандай болса да материалдық залал, дене жарақаттары/өлім, жазатайым оқиғалар немесе заңды даулар үшін жауапкершілікті көтермейді.
7. Егер басқа тұлғалар осы нұсқаулықты мұқият оқымаған және қоса берілген жаңа пайдаланушының нұсқаулығын орындамаған болса, оларға Сіздің KickScooter-іңізді өздігінен жүруге мүмкіндік бермеңіз. Жаңа пайдаланушылардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті Сіз көтересіз. KickScooter-мен жүрудің базалық дағдыларын игергенше жаңа райдерлерге көмектесіңіз. Әрбір жаңа пайдаланушы дулыға мен басқа қорғаныш жабдығын киетініне көз жеткізіңіз.
8. Әрбір сапар алдында бос бекіткіш бөлшектерді және зақымданған компоненттерді тексеріңіз. Егер KickScooter оғаш дыбыстарды немесе қауіп сигналдарын беретін болса, жүруді дереу тоқтатыңыз. Segway-Ninebot қолданбасы арқылы

KickScooter-ге диагностикалауды жүргізіңіз және толық ақпарат алу үшін өз дилеріңізге/дистрибьюторыңызға қоңырау шалыңыз.

9. Мұқият болыңыз! KickScooter-дің алдында да, алысқа да мұқият қараңыз. Сіздің көзіңіз - кедергілердің қауіпсіз алдын алу және ілінісуі төмен болатын беткі қабаттарда (басқаларымен қатар, ылғалды жер, борпылдақ құм, қиыршық тас және мұз) жүруге арналған үздік құралы.

10. Жарақат алу қауіпін азайту үшін Сіз «АБАЙЛАТУ» мен «ЕСКЕРТУ» тармақтарын оқып, осы нұсқаулықта келтірілген барлық ұсынымдарды орындауыңыз керек. Жоғары жылдамдықпен жүрмеңіз. Автокөлік жүретін жолдармен ешбір жағдайда жүрмеу керек. Өндіруші ұсынатын райдерлердің жасы - 14 бастап 60 жасқа дейін. Қауіпсіздік техникасы жөнінде осы нұсқауларды әрқашан орындаңыз:

A. KickScooter-мен жүруге болмайтын адамдар:

i. Алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде болатын адамдар.

ii. Қызу физикалық әрекетпен айналысқан кезде оларға қауіп төндіретін ауруларға шалдыққан адамдар.

iii. Теңгерумен немесе оларға теңгеруді қолдануға кедергі жасайтын қимыл-тірек дағдыларымен мәселелері бар адамдар.

iv. Белгіленген шектерден асып кеткен салмағы бар адамдар (Техникалық сипаттамаларын қар.).

v. Жүкті әйелдер.

B. 18 жасқа толмаған пайдаланушылар KickScooter-мен ересек адамдардың байқауымен ғана жүруі тиіс.

C. Осы өнімді пайдаланған кезде жергілікті заңдар мен ережелерді орындаңыз. Заңмен тыйым салынған аумақтарға кірмеңіз.

E. Қауіпсіз жүру үшін Сіздің алдыңызда болғанды анық көру керек, сондай-ақ басқалар үшін көрінуі тиіс.

11. Қармен, жаңбыр астында немесе су, кір не мұзды жолмен немесе қандай болса да себептен тайғақ болған басқа беткі қабатпен жүрмеңіз. Құм, қиыршық тас немесе таяқ секілді кедергілерден өтпеңіз. Бұл теңгеруді немесе ілінісуді жоғалту нәтижесіндегі құлауға әкеп соқтыруы мүмкін.


12. Егер ол немесе оның зарядтау құрылғысы немесе резеткісі суланған жағдайда өз KickScooter-іңізді зарядтауға талпынбаңыз.

13. Басқа электронды құрылғымен болғандай кернеудің кенеттен ықтимал серпілістерінің нәтижесінде KickScooter зақымдануын болдырмау үшін зарядтау кезінде қорғаныс сүзгісін пайдаланыңыз. Қоса берілген Segway компаниясының зарядтау құрылғысын ғана қолданыңыз. Басқа үлгілердің зарядтау құрылғысын пайдаланбаңыз.

14. Ninebot немесе Segway компаниясының рұқсат етілген бөлшектері мен аксессуарларын ғана пайдаланыңыз. Өз KickScooter құрылмасына өзгерістер енгізбеңіз. Кез келген түріндегі түрленімдер Сіздің KickScooter-іңіздің жұмысына кедергі келтіруі, жарақаттарға және/немесе зақымдануларға әкеп соқтыруы және Шектелген кепілдіктен айыруы мүмкін.

2 Жиынтықтамасы

Рөл




Пайдаланушылық құжаттама

ПАЙДАЛА-
НУШЫНЫҢ
НҰСҚАУЛЫҒЫ

ЖЫЛДАМ
БАСТАУ

КЕПІЛДІК
ТАЛОНЫ

	E22	E25A	E45
	Бөлек сатылады		Қосулы

Аксессуарлар

Бұрама (біреуі
қосымша)



Алты қырлы кілт



Зарядтау құрылғысы



Қоңырау, сигнал




KickScooter қаптамасын ашқан кезде жоғарыда аталған барлық заттардың бар болуына көз жеткізіңіз. Егер қандай да болса зат жетпесе, дилерге /дистрибьюторға немесе ең жақын сервис орталығына жүгініңіз (Байланыстар қар.). Барлық компоненттер жиынтыққа қоса берілгеніне және жақсы күйінде болатынына көз жеткізіп, Сіз өзіңіздің жаңа KickScooter-іңізді жинай аласыз. Келешекте Сіздің KickScooter-іңізді тасымалдау қажеті болған жағдайы үшін қорабы мен қаптау материалдарын сақтаңыз. KickScooter-ді сәндіруге және құрастыру, аксессуарларды орнату немесе негізгі жиектемені тазарту алдында зарядтау құрылғысының көбілін ажыратуды ұмытпаңыз.

Негізгі жиектеме



3 Сұлбасы



Басқару панелінің және қуаттау батырмасы

Спидометр: ағымдағы жылдамдықты көрсетеді, сондай-ақ ақаулықтарды анықтаған кезде қате кодтарын да көрсетеді. Самокат істен шыққан кезде, спидометрда қате коды көрсетіледі.

Қуаттылық деңгейі: батареяның қалған зарядтау деңгейінің 5 бөлімін көрсетеді. Өрбір бөлімі шамамен 20% қуаттылық деңгейіне тең.

Қуаттау режимі:

- Қызыл «S»: спорттық режим (максималды қуаттылық/жылдамдық).

- Ақ «S»: стандартты режим (біркәліпты қуаттылық/жылдамдық).

- «S» болмауы: шектелген жылдамдық режимі (минималды қуаттылық/жылдамдық).


Bluetooth: жыпылықтайтын Bluetooth белгішесі құрылғының қосылуына дайындығын көрсетеді. Жанып тұрған Bluetooth белгішесі KickScooter-дің мобильді құрылғыға қосылғанын көрсетеді.

Қуаттау батырмасы: іске қосу үшін қысқаша басу қажет болады. Ұзақ басу - іске қосу үшін. Алдыңғы фараны қосу/сөндіру үшін қуаттау батырмасын қосуды күйінде бір рет басыңыз. Қуаттау режимін өзгерту үшін екі рет басыңыз.

Артық қызып кеткен кезде ұсынымдар: термометр белгішесі үнемі жанып тұрады, ол батарея температурасы 50°C жеткенін көрсетеді. Осы кезде көлік құралының қалыпты үдеу мен зарядтау мүмкіндігі болмай тұр. Температура қалыпты ауқымға дейін төмендегенше оны пайдаланбаңыз.

4 Сіздің KickScooter құрастыру


1. Сояуышты шығарыңыз және шертпек естілгенше оны басыңыз. Жиналмалы басқышты көтеріңіз. KickScooter тіреу үшін басқышты суырып алыңыз. Ескертпе: Жинау механизмінің бекіту өсі дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.




2. Рөл мен сояуыш ішінде қосушы баусымдарды мықтап қосыңыз. Рөлді сояуышқа орнатыңыз. Рөлдің тиісті бағдарына назар аударыңыз.



3. 6 бұраманы (әр жағынан 2-ден) қоса берілетін алты қырлы кілт көмегімен орнатыңыз.




4. Сіздің KickScooter-іңіз қосылып, сөндірілетініне көз жеткізіңіз.




5 Екінші аккумуляторды орнату (Қосымша)

1. Сояуштағы үш бұраманы, суретте көрсетілгендей, бұрап шығарыңыз. Кейін зарядтау портының жанындағы қақпақты алып қойыңыз, бұраманы М3 алып тастаңыз.




3. Сыртқы батареяны төрткілдешке орнатыңыз және оны бұйымға қоса берілетін бұраңдамалармен М4 (20 мм) (2 дана) және бұрамамен М3 (1 дана) бекітіңіз. Орнатқаннан кейін тесіктерді резеңке тығынмен жабыңыз.




⚠ Ескерту: осы өнімнің жиынтығында қоса берілетін бұраңдалар пайдалануды өтінеміз.

2. Төрткілдешті осы бұйымға қоса берілетін бұраңдалар М4 (10 мм) (3 дана.) көмегімен орнатыңыз. Оның бекітілгеніне көз жеткізуіңізді өтінеміз.



4. Сіздің KickScooter-іңіз қосылып, сөндірілетініне көз жеткізіңіз.



6 Бірінші сапар




Segway-Ninebot App

⚠ KickScooter-мен жүруге үйрету кезінде қауіпсіздік тәуекелі бар. Бірінші рет сапарға шығар алдында «Жүргізу қауіпсіздігі» қосымшасын оқыңыз. Сіздің қауіпсіздігіңіздің мақсатында жаңа KickScooter белсендірілмеген және іске қосылған кезде әлсін-әлсін дыбыс сигналын беретін болады. KickScooter белсендірілмегенінше, ол өте төмен жылдамдықты қолдайды және оның барлық атқарымдарын басқару үшін Сіздің мүмкіндігіңіз болмайды. Қолданбаны өз мобильді құрылғыңызға (Bluetooth 4.1 немесе одан жоғары) орнатыңыз, Bluetooth арқылы KickScooter-ге қосылыңыз және Сіздің KickScooter-іңізді белсендіру және оның толық атқарымдылығымен рақаттану үшін қолданбадағы нұсқаулықтарды орындаңыз. Қолданбаны жүктеу үшін QR-кодты сканерлеңіз (ISO 9,0 немесе одан жоғары, Android™ 4.3 немесе одан жоғары).


- ❶ Қолданбаны орнатыңыз және тіркеліңіз/кіріңіз.

- ❷ KickScooter-ді іске қосыңыз. Жанып тұрған Bluetooth белгішесі KickScooter қосылуын күтіп тұрғанын көрсетеді.



- ❸ Өз KickScooter-іңізге қосылу үшін «Скутер» (Vehicle) → «Скутер іздеу» (Scan for Vehicle) басыңыз. Табысты түрде қосылған кезде KickScooter дыбыс сигналын береді. Bluetooth белгішесі жылтылдауды тоқтатады және жанып тұрады.

- ❹ Өз KickScooter-іңізді белсендіру және қауіпсіз жүруге үйрену үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз. Енді Сіз өз KickScooter-іңізді пайдаланып, қолданба арқылы оның мәртебесін тексеріп, басқа пайдаланушылармен өзара әрекеттесе аласыз. Сізге уақытты көңілді өткізуді тілейміз.



7 Зарядтау



⚠ ЕСКЕРТУ


Зарядтау порты немесе зарядтау көбілі су болса, зарядтау құрылғысын іске қоспаңыз. Егер аккумулятор зақымданған болса немесе суда болған іздері болса, оны зарядтамаңыз және пайдаланбаңыз. Жалғағыш пайдаланбаса, зарядтау жалғағышының қақпағын жабыңыз.

KickScooter толық зарядталған зарядтау құрылғысындағы индикатор қызылдан (зарядтау) жасылға (толық зарядтау) ауысады. Егер құрылғы зарядталмаса, зарядтау портының қақпағын жабыңыз.

Құрылғыны зарядтау жөнінде кеңестер



Зарядтау портының қақпағын ашыңыз.



Істікшені салыңыз.



Аяқтаған кезде зарядтау құрылғысы портының қақпағын жабыңыз.


8 Мініп жүруге үйрету




Жарақат алу тәуекелін барынша азайту үшін рұқсат етілген дулығаны және басқа да қорғаныс жабдықты киіңіз.



1. Скутерді іске қосыңыз және қуаттылық деңгейінің индикаторын тексеріңіз. Егер зарядтау деңгейі төмен болса, скутерді зарядтаңыз.




2. Жүруді бастау үшін скутердің басқышына бір аяғыңызбен тұрыңыз да екінші аяқпен итеріңіз.




3. Екі аяғыңыз да тұрақты болу үшін екінші аяғыңызды скутер басқышына қойыңыз. Тенгеруге қол жеткізіп, жылдамдықты біртіндеп ұлғайту үшін оң жақ тұтқадағы газ иінтірегін басыңыз.

Ескертпе: Сіздің қауіпсіздігіңіз мақсатында скутер 2,5 миль/сағ (4 км/сағ) жеткенше, мотор іске қосылмайды. Жылдамдық қолданба арқылы реттеледі.



4. Жылдамдықты түсіріңіз, газ иінтірегін босатыңыз. Электронды тежегішті қысыңыз және тежеу үшін бір мезгілде аяқпен қанатты басыңыз.



5. Бұрылу үшін Сіздің денеңіздің салмағын ығыстырыңыз және рөлді сәл бұрыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Тежеген кезде ілінісудің жоғалуы себебінен Сіздің құлап қалу және жарақат алу тәуекеліңіз бар. Біркелкі жылдамдықты қолданыңыз және әлеуетті қауіптіліктерді байқаңыз.


9 Ескертулер

⚠ ЕСКЕРТУ


Осы нұсқауларды сақтамау ауыр жарақатқа әкеп соқтыруы мүмкін.



Жаңбырда скутермен ЖҮРМЕҢІЗ.




Жылдамдық бәсеңдеткіштер, табалдырықтар және басқа да адыр-бұдыр жерлер бойынша ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН ЖҮРМЕҢІЗ.




Есік орнынан өткен кезде басыңызды қорғаңыз.




Беткеймен жүрген кезде жылдамдықты байқаңыз. Қатты жылдамдықпен жүрген кезде екі тежегішті пайдаланыңыз.



Скутермен жүрген кезде газ иінтірегін БАСПАҢЫЗ.




Шиналардың/доңғалақтардың кедергілермен/ тосқауылдармен жанасуын болдырмаңыз.




Рөлде ауыр заттарды ТАСЫМАЛДАМАҢЫЗ.



KickScooter-мен бір аяқпен ЖҮРМЕҢІЗ.




Қоғамдық жолдарда,
автомагистральдер мен
автострадаларда ЖҮРМЕҢІЗ.




Жоғары жылдамдықпен жүрген кезде
рөлді АЙНАЛДЫРМАҢЫЗ.




Шалшықтардан немесе басқа (су)
тосқауылдары бойынша жүрмеңіз.
Осындай жағдайда жылдамдықты
азайтыңыз және кедергіні айналып
өтіңіз.



KickScooter тек бір пайдаланушыға арналған.
Онымен екеулеп және жолаушыларды бірге
алмаңыз. Баламен бірге мініп жүрмеңіз.




Жүрген кезде жиналмалы
басқыны **БАСПАҢЫЗ**.



Жүргеннен кейін мотор-доңғалақты
ҰСТАМАҢЫЗ, себебі ол ыстық болуы
мүмкін.



Жүрген кезде қолыңызды рөлден
АЛМАҢЫЗ.
Скутерді бір қолмен жүргізбеңіз.




Баспалдақтар бойынша жоғары
және төмен қарай **ЖҮРМЕҢІЗ** және
кедергілерден секірмеңіз.

ЕСКЕРТУ

Өрқашанда рөлде екі қолыңызды ұстаңыз, олай болмаса, теңгеруді жоғалту немесе құлау себебінен елеулі жарақат алу тәуекеліңіз бар.

10 Жинау және алып жүру



Жинау

Рөлді сәл басып,
жиналмалы басқыны
басыңыз.

Ол артқы қанатта
жабылғанынша рөл
жинап, төмен қарай
тартыңыз.

Сіздің KickScooter-іңіз жиналғанда оны
союуыштан ұстап, тек көтеріңіз.

11 Техникалық қызмет көрсету

Тазарту және сақтау

Негізгі жиектемені сүрту үшін жұмсақ дымқыл матаны пайдаланыңыз. Қиын кететін кірді қылшақ немесе паста көмегімен кетіруге болады, кейін сояуышты жұмсақ ылғалды матамен сүртіңіз. Пластмассалы бөлшектердегі сызаттарды ұсақ қажағыш қағазбен жылтыратуға болады.

Ескертпе:

Құрамында спирт, бензин, ацетон және басқа да күйдіргіш/ұшпа еріткіштер бар сұйықтықтармен KickScooter-ді жумаңыз. Бұл заттектер Сіздің KickScooter-іңіздің сыртқы көрінісін және ішкі құрылымын бұзуы мүмкін. Жоғары қысымды жуғышты пайдаланбаңыз және KickScooter-ді құбыршек көмегімен жумаңыз.

ЕСКЕРТУ

Тазартар алдында KickScooter сөндірілгеніне, зарядтау көбілі ажыратылғанына, ал зарядтау порты резеңке қақпағымен мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз; олай болмаса, Сіз электронды компоненттерді бұзып алуыңыз мүмкін.

Сіздің KickScooter-іңізді салқын жерде сақтаңыз. Оны ұзақ уақыт бойы ашық ауада сақтамаңыз. Күн сәулелерінің және жоғары немесе төмен экстремалды температуралардың әсері пластмассалы компоненттердің тозу үдерісін тездетуі және батареялардың тозуын қысқартуы мүмкін.

Шинадағы қысым

Шиналарды бір шаршы дюймге 32-37 фунт ауа толтырыңыз. Шиналарды ауамен бірдей толтырыңыз.

Аккумуляторға қызмет көрсету

Аккумуляторды белгіленген шектерден жоғары температура кезінде сақтамаңыз және зарядтамаңыз («Техникалық сипаттамалары қар.»). Аккумуляторды шаншып алмаңыз. Аккумуляторларды кәдеге жарату және/немесе қайта өңдеу жайында жергілікті заңдар мен ережелерді басшылыққа алыңыз.

Аккумуляторға қызметті дұрыс көрсету тіпті жүрудің көптеген миляларынан кейін де оның сапалы жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Аккумуляторды әрбір сапардан кейін зарядтаңыз және зарядының толық таусылғанын болдырмаңыз. Аккумулятордың өнімділігі мен ауқымын жақсы күйінде қолдану мақсатында зарядтауды бөлме температурасында (70°F [22°C]) орындаңыз; аккумуляторды 32°F (0°C) төмен температурасында пайдалану оның ауқымын және өнімділігін төмендетуі мүмкін. Өдетте, температура 70°F (22°C) кезінде аккумулятормен салыстырғанда температура -4°F (-20 °C) кезінде ауқым екі есе аз болуы мүмкін. Температура ұлғайған кезде аккумулятор қалпына келеді. Толығырақ ақпарат қолданбада қолжетімді.

ЕСКЕРТПЕ

Өдетте, толық зарядталған батарея зарядты күту режимінде 120-180 күн бойы сақтайды. Қуаты төмен аккумулятор зарядтауды 30-60 күн бойы күту режимінде сақтайды. Әрбір пайдаланғаннан кейін аккумулятор зарядтауды ұмытпаңыз. Аккумулятор толық зарядталған кезде оның зақымдану тәуекелі өте жоғары болады. Аккумулятор ішіндегі электроника батареяның зарядталған күйін жазып алады - зарядтау төтенше таусылғанынан / немесе жеткіліксіз болғанынан туындаған залал үшін Шектелген кепілдік қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ

Аккумуляторды бөлшектеуге талпынбаңыз. Аккумуляторлық батарея түйіспелеріне қол тигізбеңіз. Қаптаманы алып тастамаңыз және онда тесік жасамаңыз. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін батарея түйіспелеріне металлды заттарды жақындатпаңыз. Өрт туындау және электр тоғымен зақымдану қаупі бар. Осы элементтерге пайдаланушы қызмет көрсетпеуі тиіс. Егер аккумулятор зақымданған болса немесе суда болған іздері болса, оны зарядтамаңыз және пайдаланбаңыз.

ЕСКЕРТУ

Егер қоршаған ортаның температурасы құрылғының жұмыс істеу температурасының шегінен тыс шығатын болса, кикскутермен жүрмеңіз («Техникалық сипаттамалары» қар.), себебі төмен/жоғары температура максималды қуаттылықты/айналу сәтін шектейді. Бұл сырғанау немесе құлау нәтижесінде жарақат алуға немесе материалдық залалға әкеп соқтыруы мүмкін.

12 Техникалық сипаттамалар

	Тармағы	E22
Өлшемдері	Жазылған күйінде: Ұзындығы x Ені x Биіктігі	42.9 x 16.5 x 44.1 in (109 x 42 x 112 cm)
	Жиналған күйінде: Ұзындығы x Ені x Биіктігі	44.5 x 16.5 x 14.2 in (113 x 42 x 36 cm)
Салмағы	Таза салмағы	29.8 lbs (13.5 kg)
Райдер	Жүк көтергіштігі	55-220 lbs (25-100 kg)
	Ұсынылатын жас	14-60 жас
	Талап етілетін бойы	3'11"-6'6" (120-200 cm)
Құрылғының параметрлері	Максималды жылдамдық	12.4 миль/сағ (20 км/сағ)
	Типтік ауқым ^[1]	13.7 миль (22 км)
	Максималды еңіс	15%
	Жүруге арналған беттік қабаттардың түрлері	асфальт/жазық беткі қабат; кедергілер < 0.4 дюйм (1 см); жарықтар/аралықтар < 1.2 дюйм (3 см)
	Жұмыс температурасы	14-104°F (-10-40°C)
	Сақтау температурасы	-4-122°F (-20-50°C)
	IP рейтингі	IPX4
	Зарядтау ұзақтығы	3.5 h
Аккумулятор	Номиналды кернеуі	36 V =
	Зарядтаудың максималды кернеуі	42 V =
	Зарядтау температурасы	32-104°F (0-40°C)
	Номиналды қуаты	5100 mAh
	Батареяны басқару жүйесі	Артық қызу, қысқа тұйықталу, тоқ бойынша артық жүктеме, артық зарядтау және артық зарядтаудан қорғаныс.
	Батарея саны ^[2]	1
Мотор	Номиналды қуаты	300 W
Зарядтау құрылғысы	Шығыс қуаты	71 W
	Кіріс кернеуі	100-240 V~
	Шығыс кернеуі	42 V=
	Шығыс тоғы	1.7 A
Ерекшеліктер	Тоқтату сигналы	Жарықдиодты артқы шам
	Жүру режимі	Жылдамдықты шектеу режимі, Стандартты режим және спорттық режим
Шина	Шиналар	Материалы: пневматикалық емес шиналар. Синтетикалық резеңке. Өлшемі: 9 дюйм

^[1] Типтік ауқым: толық жүктеме, салмағы 165 фунт (75 кг), температурасы 77°F (25°C) кезінде, 60% максималды жылдамдықпен орташа статистикалық тротуармен жүргенде тестіленген.

* Ауқымға әсер ететін кейбір факторларға кіреді: жылдамдық, іске қосу және тоқтау саны, қоршаған орта температурасы және т.б.

^[2] Барлық KickScooter үлгілері екінші батареяны орнатуға арналған. Осындай жағдайда кейбір параметрлер өзгеруі мүмкін.

	Тармағы	E25A
Өлшемдері	Жазылған күйінде: Ұзындығы x Ені x Биіктігі	45.7 x 16.5 x 46.1 in (116 x 42 x 117 cm)
	Жиналған күйінде: Ұзындығы x Ені x Биіктігі	46.9 x 16.5 x 14.2 in (119 x 42 x 36 cm)
Салмағы	Таза салмағы	31.7 lbs (14.4 kg)
Райдер	Жүк көтергіштігі	55-220 lbs (25-100 kg)
	Ұсынылатын жас	14-60 жас
	Талап етілетін бойы	3'11"-6'6" (120-200 cm)
Құрылғының параметрлері	Максималды жылдамдық	17.4 миль/сағ (28 км/сағ)
	Типтік ауқым ^[1]	15.5 миль (25 км)
	Максималды еңіс	15%
	Жүруге арналған беттік қабаттардың түрлері	асфальт/жазық беткі қабат; кедергілер < 0.4 дюйм (1 см); жарықтар/аралықтар < 1.2 дюйм (3 см)
	Жұмыс температурасы	14-104°F (-10-40°C)
	Сақтау температурасы	-4-122°F (-20-50°C)
	IP рейтингі	IPX4
	Зарядтау ұзақтығы	4 h
Акумулятор	Номиналды кернеуі	36 V =
	Зарядтаудың максималды кернеуі	42 V =
	Зарядтау температурасы	32-104°F (0-40°C)
	Номиналды қуаты	5960 mAh
	Батареяны басқару жүйесі	Артық қызу, қысқа тұйықталу, тоқ бойынша артық жүктеме, артық зарядтау және артық зарядтаудан қорғаныс.
	Батарея саны ^[2]	1
Мотор	Номиналды қуаты	300 W
Зарядтау құрылғысы	Шығыс қуаты	71 W
	Кіріс кернеуі	100-240 V~
	Шығыс кернеуі	42 V=
	Шығыс тоғы	1.7 A
Ерекшеліктер	Тоқтату сигналы	Жарықдиодты артқы шам
	Жүру режимі	Жылдамдықты шектеу режимі, Стандартты режим және спорттық режим
Шина	Шиналар	Материалы: пневматикалық емес шиналар. Синтетикалық резеңке. Өлшемі: 9 дюйм

^[1] Типтік ауқым: толық жүктеме, салмағы 165 фунт (75 kg), температурасы 77°F (25°C) кезінде, 60% максималды жылдамдықпен орташа статистикалық тротуармен жүргенде тестіленген.

* Ауқымға әсер ететін кейбір факторларға кіреді: жылдамдық, іске қосу және тоқтау саны, қоршаған орта температурасы және т.б.

^[2] Барлық KickScooter үлгілері екінші батареяны орнатуға арналған. Осындай жағдайда кейбір параметрлер өзгеруі мүмкін.

	Тармағы	E45
Өлшемдері	Жазылған күйінде: Ұзындығы x Ені x Биіктігі	45.7 x 16.5 x 46.1 in (116 x 42 x 117 cm)
	Жиналған күйінде: Ұзындығы x Ені x Биіктігі	46.9 x 16.5 x 14.2 in (119 x 42 x 36 cm)
Салмағы	Таза салмағы	36.2 lbs (16.4 kg)
Райдер	Жүк көтергіштігі	55-220 lbs (25-100 kg)
	Ұсынылатын жас	14-60 жас
	Талап етілетін бойы	3'11"-6'6" (120-200 cm)
Құрылғының параметрлері	Максималды жылдамдық	18.6 миль/сағ (30 км/сағ)
	Типтік ауқым ^[1]	28.0 миль (45 км)
	Максималды еңіс	20%
	Жүруге арналған беттік қабаттардың түрлері	асфальт/жазық беткі қабат; кедергілер < 0.4 дюйм (1 см); жарықтар/аралықтар < 1.2 дюйм (3 см)
	Жұмыс температурасы	14-104°F (-10-40°C)
	Сақтау температурасы	-4-122°F (-20-50°C)
	IP рейтингі	IPX4
	Зарядтау ұзақтығы	7.5 h
Аккумулятор	Номиналды кернеуі	36 V =
	Зарядтаудың максималды кернеуі	42 V =
	Зарядтау температурасы	32-104°F (0-40°C)
	Номиналды қуаты	10200 mAh
	Батареяны басқару жүйесі	Артық қызу, қысқа тұйықталу, тоқ бойынша артық жүктеме, артық зарядтау және артық зарядтаудан қорғаныс.
	Батареялар саны	2
Мотор	Номиналды қуаты	300 W
Зарядтау құрылғысы	Шығыс қуаты	71 W
	Кіріс кернеуі	100-240 V~
	Шығыс кернеуі	42 V=
	Шығыс тоғы	1.7 A
Ерекшеліктер	Тоқтату сигналы	Жарықдиодты артқы шам
	Жүру режимі	Жылдамдықты шектеу режимі, Стандартты режим және спорттық режим
Шина	Шиналар	Материалы: пневматикалық емес шиналар. Синтетикалық резеңке. Өлшемі: 9 дюйм

^[1] Типтік ауқым: толық жүктеме, салмағы 165 фунт (75 кг), температурасы 77°F (25°C) кезінде, 60% максималды жылдамдықпен орташа статистикалық тротуармен жүргенде тестіленген.

* Ауқымға әсер ететін кейбір факторларға кіреді: жылдамдық, іске қосу және тоқтау саны, қоршаған орта температурасы және т.б.

11 Сертификаттар

Бұл өнім ANSI / CAN / UL-2272 CSA сәйкес сертификатталған.
Батарея UN / DOT 38.3 сәйкес келеді.

Үлгі үшін: E22, E45

АҚШ үшін Федералдық байланыс комиссиясы (ФБК) талаптарының сәйкестілігі туралы мәлімдеме

Осы құрылғы ФБК (Федералдық байланыс комиссиясы, АҚШ) ережелерінің 15-бөлімінің талаптарына сәйкес келеді. Құрылғының атқаруы келесі екі шартқа сәйкес келеді: (1) бұл құрылғы зиянды кедергілерді өндіре алмайды және (2) бұл құрылғы барлық қабылданатын кедергілерді, соның ішінде жарамсыз атқаруын тудыруы мүмкін кедергілерді сіңіруі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ

Бұл жабдық тестіленген және ФБК ережелерінің 15-бөліміне сәйкес В класының цифрлық құрылғыға арналған шектеулерге сәйкес келетін деп танылған. Бұл шектеулер тұрғын үй-жайларға орнатқан кезде зиянды кедергілерден ойға қонымды қорғанысты қамтамасыз етуге арналған.

Бұл жабдық радиожилілік ауқымында энергияны түрлендіреді, пайдаланады және таратады және осы нұсқаулықта көрсетілген оны орнату мен пайдалану ережелерін бұзған кезде радиобайланысты бұзатын кедергілерді тудыруы мүмкін. Бірақ кедергілер нақты орнату кезінде туындамайтынына кепілдік болмайды. Егер бұл құрылғы радио және телевизиялық сигналдарды қабылдауға зиянды кедергілерді тудыратын болса, оны жабдықты қосу және сөндіру арқылы анықтауға болады, пайдаланушыға кедергілерді келесі жолмен жоюға кеңес беріледі:

- Қабылдағыш антеннаның бағдарын немесе орналасқан орнын өзгертіңіз.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы арақашықтықты ұлғайтыңыз.
- Жабдықты қабылдағыш қосылған тізбектен өзгеше тізбектегі розеткаға қосыңыз.
- Дилердің немесе тәжірибелі радио/ТД маманының көмегіне жүгініңіз.

Бұл жабдық бақыланбайтын орта үшін белгіленген ФБК радиациялық сәулеленудің шектеулеріне сәйкес келеді.

Industry Canada (1C) Канада үшін сәйкестілік туралы мәлімдеме

Бұл құрылғы лицензияланбайтын жабдыққа арналған Канаданың өнеркәсіптік RSS-стандарттарының талаптарына сәйкес келеді:

(1) бұл құрылғы кедергілерді өндіре алмайды және (2) бұл құрылғы барлық қабылданатын кедергілерді, соның ішінде жарамсыз атқаруын тудыруы мүмкін кедергілерді сіңіруі тиіс.

CAN ICES-3 (B)/NMB-3(B)

Segway Inc. компаниясы да, Ninebot компаниясы да Segway Inc. немесе Ninebot рұқсат етпеген, құрылғының қандай да болса пайдаланушылық өзгертулері немесе түрленімдері үшін жауапкершілікті көтермейді. Осындай түрленімдер пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

E22	FCC ID: 2ALS8-NT9529
	IC: 22636-NT9529

E45	FCC ID: 2ALS8-KS0001
	IC: 22636-KS0001

14 Тауар белгісі және құқықтық мәлімдеме

Ninebot белгісі Ninebot (Tianjin) Tech. жауапкершілігі шектеулі компаниясының тіркелген сауда белгісі болып табылады; Segway және Rider Design белгілері Segway Inc. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады; Android, Google Play белгілері Google Inc. компаниясының сауда белгілері болып табылады. App Store - Apple Inc. компаниясының қызмет көрсету маркасы болып табылады. Тиісті иегерлері осы нұсқаулықта аталған олардың тауар белгілерінің құқықтарын өзіне қалдырады.

KickScooter құрылғысы тиісті патенттерге таралады. Патенттер туралы ақпаратты алу үшін мына мекенжай бойынша өтіңіз: <http://www.segway.com>.

Осы нұсқаулыққа біз KickScooter-дің барлық атқарымдарына арналған сипаттаулар мен нұсқаулықтарды қосып талпындық. Бірақ бұйым сипаттамасы үнемі жақсартылатынына байланысты сіздің KickScooter-іңіз осы құжатта көрсетілгеннен сәл ерекшеленуі мүмкін. KickScooter-ге арналған қолданбаны жүктеу және орнату үшін Apple App Store (iOS) немесе Google Play Store (Android) қолданбасын қараңыз.

Өртүрлі атқарымдарымен бірнеше Segway мен Ninebot үлгілерінің болуына назар аударыңыз, болғандардың кейбіреулері осы мәселе жөнінде сіздің құрылғыңызға сәйкес келмеуі мүмкін. Өндіруші KickScooter өнімінің құжаттамасын, сондай-ақ дизайні мен атқарымдылығын алдын ала хабарлаусыз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

© 2020 Ninebot (Beijing) Tech Co. Ltd. Барлық құқықтар қорғалған.

15 Байланыстар

Егер KickScooter-ді пайдалану, техникалық қызмет көрсету, қауіпсіздігіне немесе жұмыс істеу қателеріне байланысты мәселелеріңіз туындаса бізге хабарлаңыз.

Азия-Тынық Мұхит өңірі

Қытайдың құрлықтық бөлігі: Ninebot (Бейжің) Tech Co., Ltd.

Бөлмесі B201, B202, Bo Bldg. Чжунгуаньцунь Донгшенг (Солтүстік аумақ) технологиялық паркі, № 66,

Xixiaokou Rd,

Haidian Dist., Бейжің, Қытай.

Тел: 400-607-0001 / 86-10-8482-8002

Электрондық пошта: apac_sales@ninebot.com

Оңтүстік Корея: Segwayseoul Inc.

Зал 605-606,80, Jomaru-ro 385beon-gil, Пучхон-си, Кёнгидо, Корея Республикасы.

Тел: 82-70-4068-8002

Электрондық пошта: korea-service@ninebot.com

Segway компаниясына жүгінген кезде өзіңізде KickScooter сериялық нөміріңіз болсын.

Сериялық нөмірді Сіздің KickScooter-іңіздің төменгі жағынан немесе қолданбада «Қосымша теңшелімдер» (More Settings) → «Негізгі ақпарат» (Basic Information) жолының астынан таба аласыз.



Өндіруші өнімге өзгертулерді енгізу, бағдарламалық жасақтамалардың жаңартуларын шығару және осы нұсқаулықты кез келген уақытта жаңарту құқығын өзіне қалдырады. Пайдаланушыларға арналған соңғы материалдарды жүктеу үшін мына сайтты www.segway.com қараңыз немесе қолданбаға кіріңіз. Қолданбаны орнатыңыз, өз KickScooter-іңізді белсендіріңіз, соңғы жаңартулар мен Қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтарды алыңыз

www.segway.com